

Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі

«Жасөспірімдер арасындағы
аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын
—алу»
(ата-аналар жиналысы)

Педагог-психолог: Баужанова Е.А

Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі

«Жасөспірімдер арасындағы
аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын
—алу»

(ата-аналар жиналысы)

Педагог-психолог: Баужанова Е.А

Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі

*«Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын –алу»
(ата-аналар жиналысы)*

Күн тәртібі: 1.Оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мәселелері және оны шешу жолдары.

Психолог сөзі:

Аутодеструктивті мінез-құлық – адамның қалыпты дамуына, дене бітімі мен психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін мінез-құлық.

Жасерекшелік өзгерістер;
Әлеуметтің жағдайлардың күрт өзгеруі;
Толық емес немесе сәтсіз отбасы;
Өмірлік тәжірибенің аздығы; («ақ пен қараны ажырата алмау»)

Аутодеструктивті мінез-құлыққа шалдығу себептері:

- Кикілжің дау-дамай;
- Отбасындағы дисгармония ;
- Оқушының моральдық-рухани проблемаларының түсінуінде қолдаудың жоқтығы ;
- Жауапсыз махаббат;
- Ішкі дүниенің әлсіздігі;
- Кемшілікпен күресетін жігер , талаптың жетіспеуі;

Аутодеструктивті мінез-құлықтың белгілері:

- Физиологиялық, - яғни денсаулығы нашарлайды, тамаққа тәбеті болмайды, ұйқының бұзылуы, сыртқы келбеті т.б;
- Эмоционалдық - көңіл күйі бұзылады, агрессияның пайда болуы , оңашалыққа талпыну;

-Интеллектуалдық – өмірге, білімге деген қызығушылығы жойылады,

әдеттегі өзінің ұнап жүрген ісіне немқұрайлы қарау;

-Дүниетанымдық - ішкі жан дүниесінде өзгерістер пайда болады,

белсенділігі төмендейді;

Психологияда аутодеструктивті әрекетті 3 түрге бөліп қарастырамыз: нағыз, жасырын және демонстративті. Нағыз, шынайы: күйзелістік жағдайдан соң, өмірдің мәнін жоғалтып, адам өзін ұзақ уақыт өлімге дайындайды. Ол қашанда жабырқау, депрессиялық күйде жүреді. Бірақ, әдетте ол туыстары мен жақындарына байқалмайды. Жасырын: адам өзін өлімге арнайы дайындамайды. Ол өзі туындатқан сыртқы күштің әсерінен қаза табады. Мысалы: автокөлікті қауіпті түрде айдау (транспорттық құрылғы өмірмен есеп айрысу құралы ретінде пайдаланылады).... сондай-ақ өзін-өзі жоюға бағытталған мінез-құлық. Демонстративті: өз проблемасына назар аударудың әдіс-құралы ретінде көмекке шақыру. Бұл жасөспірімнің

айналасындағы жақын адамдарының қол ұшын сұраған жанайғайы. Ол күре тамырын кесу, дәрі-дәрмектермен улану, асылу фактісін бейнелеу арқылы көрініс табады.

Жасөспірімдер бойында аутодеструктивті мінез-құлық қаупі туралы белгі беретін іс-әрекеттер.

“Тағдырдың қалай ауатыны, бесіктің қалай тербелгеніне байланысты”

Өзіне жақын адамдардан алшақтау. Себепсіз тәуекелшіл іс-әрекеттерге жол беруі. Спирттік ішімдіктер мен таблеткаларды шектен тыс жиі қабылдау. Тәртібі мен сабақ үлгерімінің нашарлап кетуі. Өзіне қымбат заттарынан бас тартуы. Қорытындылау, өз жұмыстарын қалпына келтіру, кетуге дайындалу. Мінез-құлықтық:

Басқаларға тәуелді және өзінің дәрменсіз екені туралы айту; Қоштасуы; Өлгісі келетіні туралы әңгімелеу немесе әзілдеу; Нақты өзін -өзі өлтіру туралы жоспары туралы мәлімдеуі; Өзін-өзі кіналау, айыптау туралы пікірлер; Баяу, түсініксіз сөйлеу. Ауызша:

Дәрменсіздік, үмітсіздік; Қайғы-қасіретті басынан өткізу; Депрессия белгілері: ұйқы немесе тәбетінің бұзылуы, жоғары қоздырғыштық, мұңаю, қамығу; Өзін-өзі жек көру немесе орынсыз агрессия; Сәтсіздікті сезіну, жеңіліс табу, өзін кінәлі сезіну; Шектен тыс үрейлену, қорқыныш сезімдері; Өзін керексіз сезінуі; Ұмытшақтық, шашыраңқылық немесе сасқалақтап абыржушылық. Эмоционалды:

Балаларға психологиялық көмек беру кезінде келесі ережелерді есте сақтау керек: - әрбір адамды жеке тұлға ретінде қабылдау - қамқорлық таныту - зейін қойып тыңдау - дұрыс сұрақ қоя білу - шыдамды болу - бәсекеге түспеу, айтысып-тартыспау - іс-әрекетін көзінше талдау жасамау

Соңғы он жылда психологтардың зерттеуінде ата-аналардың балаларын тыңдауға не кедері екенін анықтады:

Егер балаңыз төмендегідей күйде болса ойланғаныңыз жөн:

Егер балаңыз тұйықталып қалса;

Егер балыңыз ашуланшақ болса;

Егер балаңызда торығу болса;

балаңыз құрбы-құрдастарымен, ата-аналарымен қарым-қатынас жасауы қалыпты болмаса;

Егер бала өзінің бұрынғы қызығатынына қызықпаса;

Егер бала үнемі шашыраңқы, әлсіз және көңіл-күйі болмаса «баланы әңгімеге тартыңыз»

Алдын-алу:

Тұлға аралық қарым-қатынасты жандандыру

Баланың өз күші мен мүмкіндігіне сендіру

Тәртібін қадағалау, достарымен қарым-қатынасын қадағалау

Барлық жағдайларға түсіністікпен қарап, жанашырлық таныту.

Жаттығулар:

“Көзбе-көз”. Көз арқылы контакт жасау екі жан дүниенің сырласуы.

Осылайша сөзбен жеткізе алмайтын сезімдерді білдіру мүмкіндігі

туындайды. “Жанасу ғажайы”. Қолынан ұстау, иығынан қағу, құшақтау.

Кез-келген жастағы бала үшін қалыпты рухани күйді қалыптастыру үшін күніне кемінде үш рет құшақтау қажет. “Мұқият көңіл бөлу”. Бұл ата-ананың ештеңеге алаңдамай күніне 20-30 минут балаға көңіл бөлуі. Оны жұмыс істеп отырып немесе жүре тыңдау емес, барлық жұмысты қойып өзіне ғана көңіл аудару. Бұл минуттарда баланың немен айналысуының маңызы жоқ. Онымен бірге серуендеуге, кітап оқуға, әңгімелесуге болады.

Біздің Конституциямыз – Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, деп басталады. Ендеше сол қазынаны көзіміздің қарашығындай етіп қорғау әрбір азаматтың алдындағы, сондай – ақ жалпы қоғамның алдында тұрған өзекті мәселе.

Қорытынды:

Құрметті ата -аналар!Әр бала — ең қымбат қазынамыз! Сондықтан, әр баланы сақтауға қоғам болып атсалысуымыз қажет. Ата-ана бала алдындағы, ұстаз шәкірт алдындағы, қоғам болашақтың тұлғасы алдындағы, мемлекет басты байлығының алдындағы жауапкершілігін ұмытпаса деймін!**Өз балаларыңызбен қарым- қатынас жасауда шыдамды болыңыздар.Жай ғана өз балаңызды сүйіспеншілікке бөлеңіз,өз сөздеріңізбен,дауыс ырғағыңызбен құшақтауларыңызбен және өздеріңіздің іс-әрекеттеріңізбен өзіңіздің оған деген махаббаттарыңызды көрсете біліңіз. Сонда барлығы жақсы болады! Коп рахмет!**

